

ҚР ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ МИНИСТРЛІГІ
С.Ж.АСФЕНДИЯРОВ АТЫНДАҒЫ
ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ МЕДИЦИНА УНИВЕРСИТЕТИ



МИНИСТЕРСТВО ЗДРАВООХРАНЕНИЯ
КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ
МЕДИЦИНСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ С.Д.
АСФЕНДИЯРОВА

Кафедра: Патологиялық физиология

СӨЖ

Тақырыбы: Қартаюдың биологиялық, медициналық және әлеуметтік негіздері. Қартаю теориялары

Орындаған: Махамбеткүл Ә.Қ

Курс: 2

Факультет: ЖМ

Топ: 12-01

Қабылдаған: Ахметшина Д.А

Алматы 2014

ЖОСПАРЫ:

1. Қартаю туралы түсінік.
2. Қартаюдың этиологиясы.
3. Қартаюдың патогенезі.
4. Қартаю кезіндегі организмнің өзгерістері.
5. Қартаю кезіндегі жасушалардың өзгерістері.
6. Қартаю теориялары.
7. Қорытынды

ҚАРТАЮ




Белгілі кәмелетке жеткеннен кейін организмдің функциялық мүмкіншіліктерінің үдемелі төмендеуін *қартаю* дейді.



Дара тұлғалардың өмір ұзақтығы белгілі бір уақытпен шектеліп, бұл дүниемен қоштасуы болады. Оның алдында организмнің, қоршаған орта жағдайларына бейімделу қабілеті төмендеуінен, атқаратын қызметтерінің қайтымсыз қатты бұзылыстары байқалады.



**ҚАЗІРГІ КҮНІ ҚАРТАЮ МЕН КӘРІЛІК
МӘСЕЛЕЛЕРІ ҮЛКЕН ӘЛЕУМЕТТІК
МӘСЕЛЕГЕ АЙНАЛЫП ОТЫР. ЖАҚСЫ
ДАМЫҒАН МЕМЛЕКЕТТЕРДЕ АДАМ
ЖАСЫНЫҢ ОРТАША ҰЗАҚТЫҒЫ 76
ЖАСТАН АСАДЫ.**



Диаграммы «Доля разных возрастных групп в населении Российской Федерации».


Соған байланысты жалпы адамдардың 13%-ына, кейбір мемлекеттерде 20%-ына, дейінгі қарттардың үлесіне тиеді және олардың саны жылдан жылға көбейіп бара жатқаны байқалады.

- Қартаюдың заңдылықтарын терең зерттеп, одан адамды алдын-ала сақтандыру жолдарын іздестіру бүгінгі күннің күрделі мәселесі болып келеді. Қартаю заңдылықтарын зерттейтін ілім **геронтология** және жастары ұлғайған адамдар мен кәрі адамдардың ауруларын зерттейтін ілім **гериатрия** қазір қатты дамып келе жатыр.



Қартаюға әкелетін себеп шарттар туралы түсінік әлі толық тұжырымдалған жоқ. Ол туралы ұсынылған көптеген жорамалдардың екі тобына назар аударуға болады:

- Қартаю организмнің тіршілігінде жинақталған орны толмайтын бүліністердің нәтижесінде дамиды. Мұндай бүліндіргіш ықпалдарға табиғи жағдайларда радийбелсенді заттардың ыдырауынан, ғарыштық сәулелердің т.б. радиацияның қайнар көздерінен пайда болатын иондағыш сәулелер, организмдегі рН-тың және температураның өте аз мөлшерде кездейсоқ толқулары жатады. Сонымен бірге организмде заттардың еркін тотығуларынан пайда болатын радикалдар мен асқын тотықтар өте күшті бүліндіргіш әсер етеді.



Қартаю кезінде организмде ДНҚ молекуласының немесе ДНҚ, РНҚ молекулаларының түзілуіне қажетті ферменттерінің бүлінуі жасушаларының тектік құралдарында мутация дамуына және тектік ақпараттардың өзгерістеріне әкелуі мүмкін. Шынында қартайған организмдерде хромосомалардың ауытқулары жиі байқалады. Осы келтірілгендердің нәтижесінде иммундық жүйенің қалыптыдан ауытқулары, аутоиммундық үрдістердің дамуы қартаюдың патогенезіне елеулі үлес қосатыны күмән келтірмейді.

- Қартаюу дара тұлғалардың өмір ұзақтығын шектеуге бағытталған, жасушалардың тектік құралдарында алдын ала жазылған ақпараттарға байланысты. Кейбір адамдардың тым ерте қартайтыны және олардың кәріліктен туралы мәліметтер жиі кездеседі.




ОСЫЛАРДЫҢ НЕГІЗІНДЕ ҚАРТАЮҒА ОНТОГЕНЕЗДІҢ БІР САТЫСЫ РЕТІНДЕ ҚАРАУ ҚАЖЕТ. БҰЛ КЕЗДЕ АДАМНЫҢ ДАМУ САТЫЛАРЫНДА АЛҒАШҚЫ САТЫ КЕЙІНГІ САТЫЛАРДЫҢ ДАМУЫН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТЕТІН ТҮРТКІ БОЛЫП ТҰРАДЫ.



- Тұтас организм деңгейінде қартаю кезінде шаш ағарып, түсе бастайды, көздің көруі, құлақтың естуі нашарлайды, тіс түседі. Тері жұқарып, құрғайды. Сол себептен ол қатпарланып, бетте әжім пайда болады. Сонымен бірге адамның қол жұмысын атқаруға қабілеті төмендейді.




Қартаю кезінде мидың сыртқы қыртысының кейбір қабаттарында жүйке жасушалары азайып, глиа жасушалары көбейеді. Бұл кезде мидың басқа аумақтарында елеулі өзгерістер болмайды. Мидың біршама құрылымдары әртүрлі өзгерістерге ұшырайды. Соның ішінде гипоталамустың өзгерістері дербес жүйке жүйесі мен эндокриндік жүйенің өзгерістеріне әкеліп, адамның қартаюына бірталай ықпал етеді.



Қартаю кезінде қанайналым жүйесінде бірсыпыра өзгерістер дамиды. Бұл кезде жүректің жиырылу күші, қанның минуттық көлемі азаяды, шеткері қан тамырларының таралыуынан айналымдағы қанға олардың жалпы кедергілік қасиеті көтеріледі. Тіндерде қан қылтамырларының саны азаяды, олардың қабырғаларындағы тіректік мембрананың қалыңдап кетуінен қаннан тіндерге, және керісінше тіндерден қанға газдардың диффузиясы бұзылады. Қарттарда артериялық қан қысымы көтеріледі. Адамның жасы ұлғаюына байланысты жүрек пен қан тамырларының жүйкелік сұйықтық реттелулері өзгереді.



Жасушалар өсіп өніп көбеюі, тіршілік жоғалтқан жасушалардың орнын толтыруы үшін олардың тектік құралдарындағы ақпарат бойынша ДНҚ, РНҚ, нәруыздар түзіліп тұруы қажет. Ал, қартайған организмдерде олардың түзілуі, жасушалардың жаңаруы қатты азаяды.



Кәрілік және қарт
кезіндегі аурулар:

1. Жүрек жетіспеушілігі
2. Артериялық
гипертензия
3. Қантты диабет
4. Паркинсонизм
5. Остоепороз және
остеоартрит
6. Альцгеймер ауруы
7. Жүректің ишемиялық
ауруы

ҚАРТАЮ ТУРАЛЫ 300 ДЕН АСТАМ ТЕОРИЯЛАР БАР, ОЛАРДЫ ҮЛКЕН ЕКІ ТОПҚА АЖЫРАТУҒА БОЛАДЫ:

◎ -бірінші топтағы теория : қартаю әр түрлі зақымданулар және олардың қайта қалпына келмеуінің салдарынан болады деп түсіндіреді.

◎ -екінші топтағы теория: қартаю адамның геніне байланысты деп түсіндіреді.

Ерте қартаю профилактикасының негіздері:

- салауатты өмір салты*
- қажетті мөлшердегі витаминдер*
- геропротекторлар қабылдауы*
- сапалы диета*
- белсенді қозғалу*
- оң эмоция, оптимизм*



ҚАРТАЮ ТЕОРИЯЛАРЫ

- 1. Теломераздық***
- 2. Бос радикалдық***
- 3. Нейро-эндокриндік***
- 4. Энергетикалық***
- 5. Молекулярлы-генетикалық***
- 6. Адаптация-регулярлық***

М.РУБНЕР

“Қуаттық қартаю теориясы”:


Әрбір ағзаның қуат қоры болады. Ағзаның қуат қорын жұмсауы дененің сыртқы мөлшеріне тәуелді болады. Яғни ағза дене сыртына жылуды қаншалықты көп шығарса, соншалықты энергия алдмасуы белсенді түрде болып, оның қоры тез таусылады және ондай ағзалар көп өмір сүрмейді. Мысалы: егеуқұйрық 2-3 жыл, ит 20 жыл, піл 80 жыл өмір сүреді.

ПРОГЕРИЯ



Адамның ерте қартаюу белгісі.(балалық шақтан бастап жедел қартаюу белгісі.)

Олардың терісінде қыртыстар пайда болып,шаштары ағарады, көздері нашар көреді, тамырлардың атеросклерозы т.б. Дамиды,яғни 20 жасқа жетпей-ақ нағыз кәрі адамға тән қартаюу құбылыстары дамиды.тап осындай құбылыс 2001 жылы Атырау облысының тұрғыны 9-10 жастағы Нұржан атты балада байқалған.



Қорытынды

Бұл дүниеге келген тіршілік иелерінің барлығы міндетті түрде өмірдің барлық сатыларынан өтіп, соңында қартаяды және көз жұмады. Организмнің қартаюы болмай қоймайтын жағдай. Бірақ оның даму қарқынын азайтып, адамның мәнді өмір сүру уақытын ұзарту бүгінгі медицинаның алдында тұрған күрделі мәселе болып есептеледі.

Пайдаланылған әдебиеттер:

- 1. Әділман Нұрмұхамбетұлы, «Патофизиология», 2007ж.*
- 2. Патофизиология для внеаудиторной самостоятельной работы студентов, Под редакцией Т.П. Ударцевой*
- 3. www.google.kz*